



№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

***«Балабақша мен отбасы
ынтымақтастығы»
Жалпы ата-аналар жиналысы***

Ақтөбе-2025 жыл

Жиналыс барысы

I. Кіріспе бөлім

Ұйымдастыру

Ата-аналарды қарсы алу, жылы лебіз білдіру.

Тәрбиешінің сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы — «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы». Бала тәрбиесі — баршамызға ортақ іс. Баланың жақсы азамат болып қалыптасуы үшін отбасы мен балабақша бірлесе жұмыс жасауы қажет.

II. Психологиялық тренинг

«Жылы жүрек» тренингі

Ата-аналар шеңберге тұрады. Әрқайсысы өз баласының жақсы қасиетін айтып шығады.



Мысалы:

«Менің балам мейірімді»

«Менің қызым өте ұқыпты»

III. Негізгі бөлім

1. Баяндама

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Отбасы — баланың алғашқы тәрбиелік ортасы. Ал балабақша

— баланың қоғаммен араласуын, білім алуын, дамуын қамтамасыз ететін орта. Екі жақтың бір мақсатта жұмыс жасауы баланың жан-жақты дамуына үлкен әсер етеді.

Ынтымақтастық түрлері:

Ата-аналар жиналысы;

Ашық оқу қызметтері;

Бірлескен мерекелер;

Шеберлік сағаттары;

Кеңестер мен пікір алмасулар.

2. Ойын: «Балаға не қажет?»

Ата-аналарға карточкалар таратылады. Карточкада: махаббат



қамқорлық

уақыт

түсіністік

тәртіп сияқты сөздер жазылады.

Ата-аналар бала тәрбиесінде ең маңыздысын таңдап, пікірін айтады.

3. Пікір алмасу

Сұрақтар:

Бала тәрбиесінде ең маңыздысы не?

Баламен күніне қанша уақыт сөйлесесіз?

Балабақшамен байланыс сіз үшін қаншалықты маңызды?

IV. Қорытынды бөлім

Қорытынды сөз

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесінде бірлік пен ынтымақтастық өте маңызды. Баланың бақытты, тәрбиелі, білімді болып өсуі — ата-ана мен тәрбиешінің ортақ еңбегі.

Тілек

«Бала — біздің болашағымыз. Болашағымыз жарқын болсын!»